



# Ақмешіт

16 мамыр  
сейсенбі  
№39 (1946)  
2023 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай қала бойынша 50-ге тарта мәдени-көпшілік іс-шара өтеді.

## ОТБАСЫ – БАҚЫТ КІЛТІ

Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов қала әкімдігінде өткен баспасөз мәслихатында айтты.

Шынында, отбасы құндылығын дәріптеу, отан отбасының басталатынын насихаттау біздің мемлекетіміздің басты ұранына айналды. Осы орайда Сыр өңірінің бас қаласы Қызылордада мерекелік шерулер салтанаты өтеді.

Қала әкімінің орынбасары Ж. Сейіловтің айтуынша, «Анам, әкем және мен» атты спорттық ойындар эстафетасы, «Мерейлі отбасы-2021» қалалық кезеңінің 3-ші орын жеңімпаздары Қожабектөвтер халықтық отбасылық ансамблінің концертті қалалықтарға айрықша көңіл-күй сыйлайды. Қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде де жас отбасылар сайысы, қалалық кітапханалар жүйесінде «Мен отбасыммен оқимын» атты кітапхана оқырмандарымен кездесу ұйымдастырылмақ. Сондай-ақ қала тұрғындары қалалық жастар ресурстық орталығында «Бала мен ата-ана қарым-қатынасы» тақырыбында аймағымызға белгілі тұлғалармен онлайн эфир, «Өмірлері үлгілі, ғұмырлары өнегелі» тақырыбында жастар мен үлгілі отбасылар кездесуіне куә болады.

Одан бөлек, барлық білім беру ұйымында аталған тақырыпта тәрбие сағаты, түрлі сайыс ұйымдастырылады. Сонымен қатар маусым айында «Мерейлі отбасы-2023» ұлттық конкурсының қалалық кезеңі өтеді.

– Халқымызда «Ұлы жол – отбасы табалдырығынан басталады» деген сөз бар. Отбасы құндылығын насихаттау, отбасылық саясатты дамыту – мемлекеттің басты басымдығы болып табылады.

Аймағымызда Президент қолдауымен үлкен жобалар жүзеге асып келеді. Оның дәлелі – былтыр қызылордалықтарға 700-ге жуық пәтер пайдалануға берілсе, биыл ипотекалық – 500, арендалық – 600 пәтер, жалғыз баспанасы жарамсыз деп танылған 135 отбасына 1200-ге жуық пәтерді табыстау жоспары енгізілді.

Сондай-ақ жыл соңына дейін қалада көптеген әлеуметтік нысандар пайдалануға берілетін болады. Соның бірі – ұлттық тәрбиеге негізделген «Анағ тағзым» орталығы, – деді қала әкімінің орынбасары.

Г. АСКАРҚЫЗЫ

# ХАЛЫҚТАН ЕСТІГЕН СЫН АЗ ЕМЕС

Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті, деп хабарлайды Премьер-министрдің баспасөз қызметі. Жиында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын кешенді жаңғырту мәселелері талқыланды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Президент тапсырмасы бойынша әзірленген «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын енгізу арқылы республика бойынша электр, жылу, сумен жабдықтау және су тарту желілерінің тозуын орта есеппен 20%-ға төмендету жоспарланып отырғанын баяндады. Бұл азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға және апаттық жағдайлар санын азайтуға мүмкіндік береді. Ол үшін 145 мың шақырымнан астам инженерлік желілерді жөндеу қажет. Осыған байланысты биыл өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, ТКШ қызметтері тарифтерін кезең-кезеңмен өзгерту көзделіп отыр. Нәтижесінде осы жылдың өзінде 5 мың шақырымнан астам инженерлік желілерді жөндеу және ТКШ саласы қызметкерлерінің жалақысын арттыру жоспарлануда.

2 БЕТТЕ



Бүгінде шағын және орта бизнесті қолдаудың арқасында кәсіпкерлердің ісін жандандыруына көп мүмкіндік туып отыр. Әсіресе өндіріс саласының дамуы қарқынды.

Осы орайда жергілікті тауар өндірушілердің жұмыс барысымен танысу, қолдау мақсатында қала әкімінің орынбасары Дінмұхаммед Ермеков бірқатар кәсіпкерлік нысанды аралап, журналистермен бірге баспасөз туры өткізді.

## ӨНДІРІС САЛАСЫНДА АЛҒА БАСУШЫЛЫҚ БАР



Қазіргі таңда заманауи үлгідегі бұйымдарға деген халықтың сұранысы жоғары. Қаладағы «Әбілова» жеке кәсіпкерлігі осы бағытта тұрғындардың талап, тілегіне сай еуропалық үлгіде темір қақпа шығаруды қолға алған. Кәсіпкерлік салада 10 жылдан аса уақыт еңбек етіп жүрген кәсіп иесі Гүлнұр Әбілова былтыр осы бағытта жоба дайындап, мемлекеттік бағдарлама аясында алған қайтарымсыз қаражатқа еуроқақпа әзірлеуді бастаған. Кәсібі өріс алып, тапсырыс артқан тұста темір торларды шығаруға қажетті құрал-жабдықтарды сатып алу үшін «Қызылорда» өңірлік инвестициялар орталығы микроқаржы ұйымы арқылы 6 пайыздық несиелендірумен 13 млн теңге несие алыпты. Осылайша қалада сұранысқа сай темір қақпа әзірлеуде. Кәсіпкер ісін кеңейту үшін қалалық кәсіпкерлік бөлімімен бірге жұмыс істеп, соның нәтижесінде осындай қолдауға ие болғанын айтады. Сондай-ақ 6 адамды жұмыспен қамтып отыр.

2 БЕТТЕ

## ҚАЙТҚАН ҚАРЖЫ ҚАЙЫРЛЫ БОЛҒАЙ

Қазақстаннан шетелге заңсыз шығарылған қаржы көлемі аз емес. Отыз жылда ел несібесін еселеуге тиіс қаржының қанша көлемі сыртқа шыққанын ешкім дәл білмейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен ел қазынасынан ұрланған қаржы біртіндеп қайтарылып жатыр. Сонымен, елден заңсыз шығарылған қанша актив Қазақстанға қайтарылды? Бұл туралы Бас прокуратураның баспасөз қызметінің өкілдері айтты.

12 мамырда Бас прокуратурада Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті. Оған бас прокурор Берік Асылыов қатысты.

Ведомство мәліметінше, бүгінде мемлекетке ортақ күш-жігермен 760 миллиард теңгеден аса сома активтері қайтарылған, оның ішінде шетелдік юрисдикциялардан 575 миллион доллар.

Құқық қорғау органдары қылмыстық істер шеңберінде жалпы сомасы 620 миллиард теңге активтерін қайтаруды қамтамасыз еткен, оның ішінде шетелдік юрисдикциялардан 575 миллион доллар. Берік Асылыов кулауарда бұл қаржының бір бөлігі бұрын Қайрат Сатыбалдыұлына

тиесілі болғанын түсіндірді, деп хабарлайды zhasalash.kz. Басқа мемлекеттерге құқықтық көмек көрсету туралы 100-ден аса сурау хат жолданғаны айтылды. Олар бойынша 100 миллион АҚШ долларынан асатын мүлікке тыйым салынған.

Бас прокурор активтер Лихтенштейн, Австрия, Біріккен Араб Әмір-

ліктері және Гонконг сияқты елдерден қайтарылғаны мәлім еткен. Қаржы министрлігі қаржы-өнеркәсіп топтарының кәсіпорындарынан қосымша 100 миллиард теңгеден аса салық өндіріп алды. Экология және табиғи ресурстар министрлігі қаржы-өнеркәсіп топтары компанияларына 7 миллиард теңгеге жуық айыппұл салды, ал БҚДА 4 миллиард теңгеге санкциялар қолданған. Прокурорлардың шараларымен олигополия субъектілеріне бұрын негізсіз берілген немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмағанын 460 мың гектардан аса жер қайтарылған. Сондай-ақ нарықтық бағасынан 4 есе төмен бағамен сатып алынған Алматының көтерме сауда нарығындағы үлесі, олигополия субъектілерінің меншігінде заңсыз болған Алматы әуежайының 17 коммерциялық үй-жайлары мемлекетке қайтарылып отыр.

Бұрын шетелге кеткен қаржы дейтін болсақ, енді шетелден қайтқан қаржы дейтін күнге де жеттік. Балкім, әділетті, халыққа есеп беретін Қазақстанның алғашқы қадамы осы шығар...

А.БЕК



## ТАШКЕНТТЕГІ ТАРТЫСТЫ КҮНДЕР ТӘММ

Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында бокстан ерлер арасындағы әлем чемпионаты аяқталды. 30 сәуір мен 14 мамыр аралығында өткен дүбірлі додаға әлемнің 107 елінен 500-ден астам былғары қолған шебері қатысты. Халықаралық бокс ассоциациясы 2021 жылы Өзбекстан мемлекетіне әлем чемпионатын өткізу бірінші рет рұқсат берді.

Ташкенттегі тартысты дода бас талмай жатып-ақ қызық оқиғаларға толы болды. Соның ішінде кей мемлекеттердің бұл турнирге қатысудан бас тартуы. Ресейдің Украина



жерінде соғыс ашуына байланысты Халықаралық олимпиада комитеті ресейлік және белорусиялық спортшыларға өз туымен жарысқа қатысуға шектеу коды ұсынған еді. Алайда «AIBA»-ның қазіргі басшысы ресейлік Умар Кремлев бұл шектеулерді аталған чемпионатта ұстанған жоқ. Осыған байланысты 19 елдің 21 бокс федерациясы бұл әлем біріншілігіне бойкот жариялады. Оның ішінде АҚШ, Украина, Англия, Ұлыбритания, Германия және тағы басқа мемлекеттер бар.


Өзбекстан жерінде өткен әлем чемпионатындағы қызықты сәттер мұнымен тоқтаған жоқ. Қазақстан құрамасының үкілеп қосқан үміті – 51 келіге дейінгі салмақта өнер көрсететін Сәкен Бибосыновтың жеңілісі көпті таңғалдырды. Одан бөлек бұл сайыстың ең маңызды жекпе-жегі – Қамшыбек Қоңқабаев пен Бақодир Жалолов кездесуін көпшілік финалға жоспарлаған болатын. Алайда соқыр жеребеге байланысты бұл екі спортшы жарыстың 1/4 финалында кездесті. Міне, осы секілді бірнеше қызықты жайт пен оқиғаларға спортсүйер қауым осы әлем біріншілігінде куә болды.

4 БЕТТЕ



Әкетайым, аман сау барсыз ба? Үйге жақсы жеттіңіз бе? Бүгін ауруханада жатқанымға тоғыз күн болды. Сіз Қызылордаға кайтып кеткеніңізді біртүрлі сезініп қалдым. Бірақ түк уайымдамаңыз, менікі жәй балалық жатырқау ғана. Әйтпесе қасымда өзім сияқты көңілді, ажарқын құрбыларым бар ғой.

Сізге деген сағынышымды әрі алғымды білдірейін деп, қолыма қалам алып, бар лебіздімді хатқа түсіріп отырмын.



Әкетай, екеуіміз осында Астана қаласының «Ана мен бала» орталығына ауруханаға алғаш келгенде қатты жүрескідім. Оның үстіне дәрігерлер «омыртқама ота жасау керек» дегенді айтқанда тіпті шошындым. Сізге көрсетпей, асхана жаққа түсіп, жылап та алдым. Бірақ сіз табандылық көрсеттіңіз. «Қызымды пышаққа түсірмеймін. Омыртқасын отасыз қалпына келтірудің қандай ем-шарасы болса да, мен көнемін, тек ота жасатпаймын. Нұрайым, түк уайымдама, мен сенің қасындамын, ем алып, Қызылордаға тәп-тәуір болып кайтасын» деген сөзіңізден өзіме үлкен демеу алдым.

Міне, шүкір Аллаға, қазір, бірте-бірте белім шанышп ауырғаны басылып келе жатыр. Тамаққа деген тәбетім де бұрынғыдай емес, қазір жақсы.

Әкетайым, сіз мені осында ауруханаға жатқызып, бір апта бойы күнде келіп жүрдіңіз. Білесіз бе, күнде түске таман тереземнен «Ханшатыр» жаққа көшеге қарап, сіздің келе жатқаныңызды көріп, көзіме жас алып тұрып қуанатынымын. Екі қолыңызда ауыр екі пакет, оның ішінде мен ұнататын тәттілер. Әйтеуір автобустан түсе сала ауруханаға жүгіре жетесіз. Тайғақ жолдан

тайып құлап кетпесіңіз деп екі қолымды ұстап ұстап, терезеге телміре қарап тұрамын. Бір кезде ауруханаға кіріп кеткеніңізде, медбике апайдан сұранып, бірінші қабатқа жеткенше асығамын. Кейде төменге түсетін лифті көтеріліп қалмайды. «Әкетайым, күтіп қалмасыншы, тезірейік жетейіңізші» деп іштен Аллаға жалбарынамын. Сөйтіп тұрғанда лифті де көтеріліп жетеді. Бір кезде бірінші қабатқа түсіп, ұзын дәліздің ар жағы-

етті ұнататын едім» деп айтып қалды бір құрбым. Ал мен болсам, іштей, білдіртпей күліп-күліп қойдым. Артынан тәтті торт жеп отырғанымызда, құрбыларыма, бұл палаудың «авторы» менің әкетайым дегенімде, бәрі таңғалысты. Семейлік Мая есімді қыз: «Мұндай дәмді тамақ әзірлейтін әкең барда сен қандай бақыттысың» деген болатын.

Анашымды сағындым. Жан анашымның сап-сары бауыр-сағын сағындым. Ағамды, апамды, кішкентай сіңілімді сағындым. Сізді сағындым. Бәріне менен дұғай-дұғай сәлем айтыңыз, әке.

Маған деген мейіріміңіз үшін, маңдайымнан сипап еркелеткеніңіз үшін, аркалап өсіргеніңіз үшін, тонып қалмасын деп үстіме жапқан көрпеніз үшін, аркам ауыр-масын деп сөмкемді арқалағаныңыз үшін, бала кезімде бетіме жара шығып күндіз аулаға шыға алмай қалғанымда, кешкісін қараңғы түскенде мені арқаныңа салып, қыдыртқаныңыз үшін, ауырып Астанаға ауруханаға келгенімде, бетімнен сүйіп, «Ботаканым, Алла бұйырса, бәрі де жақсы болады, түк уайымдама, мен қасындамын, анаң қасында, бәріміз сенің қасындамыз. Бірге күресіп жеңеміз» деп маған демеу болатын жылғы сөзіңіз үшін, сізге шексіз ризамын, әке.

Сіз көңілді жүруіңіз үшін, мен де еш қамықпайын, еш нәрсеге ренжімеймін. Тек күлімдеп, сіздің әр күніңізге қуаныш сыйлайтын көңіл күйде жүретін боламын. Ауруханадан жақсы болып ем алып шығып, өзіңізбен Алла аман сау қауышуды жазсын.

Осыны естігендегі күні бойы маз болып, қуанғаннан шаттанып жүргенімді көрсеніз ғой. Бір сөзіңізде айтып едіңіз ғой: «Нұрайым, егер сен бір нәрседен қамығып, ренжитін болсаң, мен оны кәдімгідей сезетін боламын, ал көңілің қуанышты болып жүрсе, менің де көңіл-күйім көтеріліп, әңгімелескенім, сырласқаным, алдымызға армандар қойып, бірге қиялдайтыным маған тамаша көңіл күй сыйлайтын. Есіңізде шығар, мен сізге кейде палатадағы құрбыларымың әңгімесін айтып, бірге талқылайтынбыз. Кейде таңертең жасайтын жаттығуымың денеме қалай жағатынын айтып бірге қуанатынымыз

Осы ауруханаға жатқалы, мен үшін ең керемет, ең қуанышты болған күнді айтайын ба? Ол сіздің менің туган күніме арнап екі қолыңыздан палау пісіріп әкелгеніңіз. Қандай дәмді болып еді сол палауыңыз. Палатадағы сол күнгі туган күн кешімді ешқашан ұмытпайтын шығармын. Сізге өтініш айтып, «пиццаға» тапсырыс беріп, алдыртып едім ғой. Бірақ сіздің палауыңыздың орны ерекше болды. Бірге жататын қасындағы құрбы-қыздар сүйсініп жеп, жақсылап тойып алдық. «Палаудың еті күйдіріліп қуырылған екен. Мен сондай

Астанадағы ауруханаға жатқан әуелгі бір апта сіз қасыма жақын болғасын ба, оншалықты көңілсіз болған жоқ. Қайта күн сайын сіздің келуіңізді күтіп, бірге тамақтанатынымыз, әңгімелесетініміз маған құдды бір лагерде жүргендей сезінетінім. Енді сіз жұмысыңызға байланысты Қызылордаға қайтуыңыз керек болды. Ал мен қазір күндегідей, түске таман терезеге қарап, Астананың ұрпақ-лап жауған қарына қызыға қарап отырмын. Шіркін, әкешімнің палауы болса ғой бүгінгі

түскі аста деп бір күрсініп қоямын. Жан әкешім, тек сіз уайымдамаңыз, мен де көңілді түсірмеймін. Алла бұйырса, енді тағы бір апта шыдасам, сіз мені ауруханадан шығарып, үйге алып кайтасыз. Үйдегілердің бәрін сағынып жүрмін...

Анашымды сағындым. Жан анашымның сап-сары бауыр-сағын сағындым. Ағамды, апамды, кішкентай сіңілімді сағындым. Сізді сағындым. Бәріне менен дұғай-дұғай сәлем айтыңыз, әке.

Маған деген мейіріміңіз үшін, маңдайымнан сипап еркелеткеніңіз үшін, аркалап өсіргеніңіз үшін, тонып қалмасын деп үстіме жапқан көрпеніз үшін, аркам ауыр-масын деп сөмкемді арқалағаныңыз үшін, бала кезімде бетіме жара шығып күндіз аулаға шыға алмай қалғанымда, кешкісін қараңғы түскенде мені арқаныңа салып, қыдыртқаныңыз үшін, ауырып Астанаға ауруханаға келгенімде, бетімнен сүйіп, «Ботаканым, Алла бұйырса, бәрі де жақсы болады, түк уайымдама, мен қасындамын, анаң қасында, бәріміз сенің қасындамыз. Бірге күресіп жеңеміз» деп маған демеу болатын жылғы сөзіңіз үшін, сізге шексіз ризамын, әке.

Сіз көңілді жүруіңіз үшін, мен де еш қамықпайын, еш нәрсеге ренжімеймін. Тек күлімдеп, сіздің әр күніңізге қуаныш сыйлайтын көңіл күйде жүретін боламын. Ауруханадан жақсы болып ем алып шығып, өзіңізбен Алла аман сау қауышуды жазсын.

**Нұрай ЕГІЗБАЕВА,**  
№12 І.Қабылов атындағы ІТ мектеп-лицейінің ІІ «Б» сынып оқушысы



## Ауыл деген...

Таң атпастан аркалап марка күнді, Қиясында ойнатып арқарыңды. Қаратау тұр түнеріп қарағанда, Тебіретіп жіберер жан-тәңіңді.

Күйбен тірлік басталып қарбаласың, Биік қойған бірақ та ар бағасын. Көргенде көпшіліктің ақ пейілін, Емдейтіндей бәрінің жан жарасын.

Кездескенде ақ жарқын қауымменен, Туыс көрем барлығын бауыр көрем. Қазақы тәрбиенің не дегенмен, Тал бесігі емес пе ауыл деген.

Қимай, қимай қоштасар күн қызарып, Көрінісін бағдарлап тұрмыз анық. Тайға таңба басқандай бір бұлқынып, Айға сырға тағасың жұлдыз алып.

Бұл мекенге бұйырған абырой, бақ, Соның бәрін қарасак тағы да ойлап. Ақұдайлап еңбегін еткен ермен, Ауыл аймақ жататын бағы қайнап.

## Сары қыз

Қарашы сезім бағындыруын, Көшеге бір сәт шыққанымадығы. Сары қыз қоймай жанымды бүгін, Тарыдай мидан түк қалдырмады.

Жүреkte шіркін, өріле сезім, Махаббат бар-ау оны ұғып едім. Үйге қайтатын көбіне өзім, Автобусымда жолығып едім.



## Сағынамын

Бір нәрсені былықтырып, бүлдіріп. Жігіттері тұнып тұрған бір қылық. Маған ауыл теңдесі жоқ жерұйық, Маған ауыл еш құны жоқ құндылық.

Үлкен тыйып кішісінің қылығын, Кішісі әлек жасырумен былығын. Маған ауыл айтарға тіл жетпейтін, Маған ауыл қасиетті бір ұғым.

Құрбы-құрдас бір үйге кеп түнеген, Төсеніші болсадағы құр еден. Ауыл деген бастауы бар әңгіме, Ауыл деген аяғы жоқ бір өлең.

Ауасына тоймайтуғын рас өкпем, Жұтқан сайын жұпар исі мас еткен. Талантымы мен әлемге ең алғаш, Залға емес ЗИЛ-ға шығып паш еткем!

## Ауыл


Шарбақ қисық шұрық тесік үй үсті, Соның бәрі күйдіреді жиі ішті. Ауыл жаққа бара қалсам әйтеуір, Шаруа да көп жасалуға тиісті.

Жөндеу керек ең алдымен қораны, Сол жөнделсе, қалғаны өзі ақ болады. Қабырғасын өкпеу керек үйімнің, Жарық жерін сылау керек шамалы.

Тазалауда керек боп тұр ауланы, Әй, әйтпесе не бір шөптер қаулады. Мама-ау, папа-ау, құртайықшы өтініш, Анау жерде сынып қалған арбаны.

Тұрғанына болды осының неше күн, Жөндеудің де таппай жүрміз есебін. Жөндегенмен маған байлап қоймасаң, Жөк қой бұған жегетін де есегім.

Жасалуға тиісті әлі мың іс бар, Бұлар бітпей жаным қалай тыныштар. Бірер жылда жасау керек барлығын, Содан кейін бір маңызды жұмыс бар...



Жанымды кернеп жәй керім сұрақ, Қойып та көрдім мақсатымды алға. Есіміңді мен қайтемін сұрап, «Сары қыз» дейтін жақсы атың барда.

Сезімнің мынау тұйық тұрағын, Өзіме артып жүктеуім мін бе? Көңілде жүрген кейіпті жаным, Өмірде сенен күтпедім мүлде.

Санамда сансыз мән тұрақталар, Сезім болды ғой үнімде менің. Есімде менің мәңгі сақталар, Маған бір қарап күлімдегенім.

Ойымда сұрақ қактығысуда, Түскендей сезім төзбес кейіпке. Он алтыншы бұл автобусымда, Он алтыншы рет кездесейік те.

**Ұлықбек БЕКТАЙ,**  
№189 мектептің 10 сынып оқушысы, «Қауырсын» шығармашылық үйірмесінің мүшесі

## Әке

Әке, өсті-жетілді тентек ұлын, Ер жеткен соң басылды еркелігім. Ертең тағы ойнаймын дейтін балаң, Қамын ойлар ер болды ертеңің!

Ер жетсем де қалмапты балалығым, Бойың өскен деп жүр ғой анам, інім. Есейгенмін дегенмен, әкешім-ау, Кішкентай боп көрінер саған ұлын.

Бірақ өстім шын айтам, әке саған, Алдыма қара салмай жеке шабам. Сен берген тәрбиені алғаннан соң, Жолдасқа жоламаймын өте сараң.

Әкешім көңіліңді құшқан жыр-ән, Сіз айтқан ақылды шын ұстам қыламы. Ең биік шыңға барып қонады әлі, Ұясынан ұмтылып ұшқан қыран.

Қыраны қанат қағар шын даланың, Мен әлі тоқтамаймын шыңдаламын. Әкешім, мақтанғанда достарына, Менің ұлым деп айтар ұл боламын!

Бір құдайым сыйлаған фәни көркем, Кенже балаң қызығың бар үйде еркен. Мені сенің ұлын деп таныған жұрт, Сені менің әкем деп таниды ертен!

## Сағынамын бәрін де бірақ қазір...

Жата бермей, ертерек тұрсай балам, Үйқыңды аш, ішің ал жүр шайды одан. Дөп мені қораздан да ерте оятып, Тірлігіне таңертең жұмсайды анам.

Әуендетіп ішінде мал қораның, Қала болған кезінде арман, әнім. Қарбаласы көп қазір шаршатады, Тіршілігін аңсаймын бар даланың.

Ауылда жүр әкем мен анам қазір, Апатайым көрмейсің балаңды әзір. Тұла бойды сағыныш тербеген бе? Түрлі ұйқас құралған, санамда жыр.

Көтеріліп кетер деп мен беделім, Арман қуып қалаға келген едім. Жақсылық пен жамандық, көп әйтеуір, Қазір, сірә, қалмады көрмегенім.

Хабарлассам етеді анам елең, Ата-анаға қымбат қой бала деген. Әкем талай ақылын айтқанменен, Дейтін едім қалаға көрме.

Менің ойым білмеймін жырақта жүр, Бигімінен сен мені құлатпа жыр. Мен кезінде басқаша ойлап едім, Сағынамын бәрін де бірақ қазір.

**Дилар ӨМІРЗАҚ,**  
Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық колледжіннің 3-курс студенті, «Қауырсын» шығармашылық үйірмесінің мүшесі



## Ақмешіт – ару мекенім

Көгілдір аспан, көмір түн, Келбетің қандай тамаша. Жыр болып ойда өрдің, Бейне бір сәби балаша.

Ақмешіт – ару мекенім! Тарихта ізін қалыпты. Киелі мекен екенің, Жүректен орын алыпты.

Өмірмен өзін теңелген, Қоңырқай қобыз үні едің. Кетсем де алыс сенен мен, Өзінде қалар жүрегім.

Көзімді байлап қойса да, Сезімді мұндай ұмытпаң. Төзімді түйген ой-сана, Сенеді келер ұлық таң.

Айтса да дұшпан мініңді, Сезімім күштар келіспес. Өлшемсіз шексіз құндыңды Өміршендікпен өрістес.

Ақтардым тарих беттерің, Басыңнан өткен қанша зат. Сынбадың, сынып кетпедің, Жатса да тағдыр паршалар.

Ақмешіт аппақ күршітей, Тамсанып ай да қараған. Ақынның міне түр іштей, Өзіңді байлық санаған.

Махаббатыма дәлел ме, Жүректен туар аппақ ән. Әйгілеп атын әлемге, Қызылордамменен мақтанам!

## Ей, өмір...

Көңілімнің жайлауын шын көл қылсам, Тұма көлге жанымды іңсәр қылсам. Жігер қайда, ақындық жалын қайда, Болмашыға өзімді құртар болсам.

Шабытымның сезіммен жолын бағып, Көп нәрсені көрдім бе өмірде анық? Жаңалықсыз болардай болашақ күн, Барлығынан барады көңіл қалып.

Тіршіліктің кеттім бе қыр соңында? Өзгеріссіз өң мен түс, бір сарында. Өмір жалған болса егер неге келдім, Жата бермей анамның қурсағында?

Төгейін бе жасымды, толғайын ба? Болайын ба, жоқ әлде болмайын ба? Менен көрі, ей өмір, көңілдегі, Бақыттырақ секілді торғайын да.

Мұң, уайым жанымға жиып алып, Тағдырымның тәуекел сыйын алып. Жылап тұрған бейнемді жасырайын, Ұнап тұрған бет перде киіп алып.

## Балалық

Естелік, балғын кездер таратты аян Есімде тағы қиттай бар ақ қоян. Шынында мына пәк жан менмін бе деп, Артыма қайта қайта қарап қоям.

Расында, сол бір турник бой жеттірмес, Қасымда бөтен деген ой кеп кірмес. Бақшада айна менен тарақ берген, Балаға қазір жүрек ой кептірмес.

Көрікті ой айта алмадым ең қонымды, Қалайша кешіремін енді онымды? Сүрінсек, сірә жара ауырпапты, Қорада жасасам да ем-домымды.

Көктемнің күтіп жүрмін оралғанын, Өткен күн сенде мені көп алдады. Сағынып қанша қалап тұрғанымын, Қайтадан балалыққа оралмадым.

**Төмирис АХМЕТОВА,**  
№4 мектептің 10 сынып оқушысы, «Қауырсын» шығармашылық үйірмесінің мүшесі

СӘКЕННІҢ СӘТСІЗДІГІ

Сәкен Бибысовтың үміт артар спортшы екенін көпшілік біледі. Жеңіл салмақта өнер көрсететін 1997 жылғы былғары қолғап шеберінің болашақта жарық жұлдызға айналатынын қазақстандықтар 2019 жылы Екатеринбургте өткен әлем чемпионатында-ақ болжаған еді. Өзінің ерекше стилі және техникалық шеберлігімен талайды тамсандырған Сәкен екі-үш жылда керемет нәтижелерге қол жеткізді.

2020 жылы Токио олимпиадасында қазақстандық былғары қолғап шебері қола медальді еншіледі. Ол бұл жарыста Пуэрто-Рико, Франция мен Испания боксшыларын тізе бүктірді. Алайда жартылай финалда ұлыбританиялық Галал Яфайға есе жіберді. Кейінірек осы бір Ұлыбритания спортшысы олимпиада чемпионы атанған еді. Ал Сәкен Бибысов мұнымен шектелген жоқ.

Сербия астанасы Белградта өткен 2021 жылғы әлем чемпионатында Сәкен сөзсіз чемпион атанды. Алайда мұнда ол осы жарыстың басты фавориті саналатын Хасанбой Дусматовты тізе бүктіріп, күллі әлем назарын өзіне аударды. Жарыстың 1/4 кезеңінде қазақстандық спортшы төрешілердің бірауыздан шешімімен өзбекстандықты жеңді. Міне, осы кезеңнен бастап бұл екі спортшы бір-бірінің негізгі бәсекелесіне айналды.



Көпшілік осы чемпионатта бұл екі спортшының аяқтас сында қолғап түйістіретініне сенді. Бұл туралы өзбекстандық Хасанбой Дусматов та айтқан болатын. Ол бұл жарысқа ең біріншіден өзінің бұған дейін жетпеген жетістігі – әлем чемпионы атағын алу үшін, екіншіден Сәкеннен есесін қайтару үшін барын салатынын жеткізді. Дегенмен спорт, әсіресе бокс қашанда сенсацияға толы болады. Ташкенттегі чемпионатта да солай болды.

Сәкен Бибысов біріншіліктің 1/16 кезеңінде Үндістаннан келген Динак Кумардан жеңіліс тапты. Алғашқы раундтарда есеп қазақстандық боксшының есесіне жазылғанмен, жекпе-жек қорытындысында төреші үнділік спортшының қолын көтерді. Бұл нәтижеге келіспейтіндердің де қатары көп болды. Тіпті ұлттық құрама «АІВА»-ға шағым жолдаған еді, бірақ ассоциация жеңіс Үндістанда екенін мәлімдеді. Ал Сәкен Бибысов өз кателігін мойындап, қазақстандықтардан кешірім сұрады.

«Осымен әлем біріншілігі мен үшін аяқталды. Дегенмен мұнда келген мақсатым қазақ боксының тарихында есімімді қалдыру еді. Мойындаймын ұтылдым, кімнің өзімен іздеймін. Кателіктер болды. Себебтер көп, бірі білмес. 2022 жылдың аяғында қатты жаракат алып, ота жасатқан болатынмын. Отадан соң үйде 1,5-2 ай емделдім. Жарыстарға шыға алмадым. Мүмкін жекпе-жекте жігерің аз болған шығар», – деп жазды Сәкен өзінің әлеуметтік желісінде парақшасында.

Сонымен қатар Сәкен өзінің жанкүйерлеріне енді кателіктермен жұмыс істеп, шаршы алаңға мықты болып оралатынын жеткізді. Ол бұл жеңілістен сынбайтынын да айтып, жарыста қалған қазақ спортшыларына сәттілік тіледі.

МАХМҰД АЙТТЫ, МАХМҰД ОРЫНДАДЫ

Махмұд Сабырхан. Бұл есімді қазақстандықтар ғана емес әлемдік бокс жанкүйерлері жақсы жаттап алған. 51 және 54 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп жүрген ұлттық құраманың спортшысы бүгінде көбі «Қазақ Ломаченкосы» деп атап кеткен. Алайда Махмұд дара, ерекше спортшы.

Ол өзінің шеберлігін қазақстандықтарға 2020 жылғы ішкі біріншілікте дәлелдеген. Қазақстан Республикасының чемпионаты аясында 52 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп, аяқтас сында сол кездегі олимпиада жолдама иесі атанып үлгерген Сәкен Бибысовты жеңген еді.

Ал 2021 жылы Белградта өткен чемпионатта Махмұд Сабырхан біраз боксшыға мастер-класс көрсетті. Өзінің физикалық және техникалық шеберлігінің арқасында бұл әлем біріншілігінің финалына дейін ол оңай жетіп барды. Жарыстың 1/16 финалынан бастап қарсылас шақ келтірмеген Махмұд аяқтас кезеңде жапониялық Томоя Цубойға ғана есе жіберді. Айта кетерлік жайт, Басы I-бетте



жапонияда кеткен есені Сәкен Бибысов Аммандағы Азия чемпионатында Цубойды тізе бүктіріп, қайтарды.

Иордания астанасы Амманда өткен Азия чемпионатында Махмұд Сабырхан тағы да екінші орынға жайғасты. 54 келіге дейінгі салмақта сынға түскен ол финалдық кездесуде төрешілердің 4:1 есебімен филиппиндік Карло Пааламға есе жіберді. Осы сайыстан кейін көп жанкүйер Махмұдты «күміс» балаға айналып кете ме деп алаңдаған еді. Алайда Махмұд сөз берді және сөзінде тұрды да.

Ташкенттегі әлем чемпионатының 1/4 финалында шымкенттік спорт шебері Венгрия спортшысы Иштван Шакаға еш мүмкіндік бермей жеңіске жетті. Төрешілер түгелдей жеңісті Махмұд Сабырханға беріп, қазақстандық сайысты сәтті бастады. Алғашқы кездесуінен кейін берген сұхбатында ол барша қазақстандықтарға негізгі мақсатын айтып, сөз берген болатын.

ТАШКЕНТТЕГІ ТАРТЫСТЫ КҮНДЕР ТӘММ

«Алғашқы жекпе-жекте жеңіске жеттім. Дәл осы қарқынмен аяқтас мәр – финалға дейін барғым келеді. Бұл сайысқа келгенде тек бір ғана мақсатым бар – ол әлем чемпионы», – деп Махмұд сөз берген болатын.

Жарыста сондай-ақ Махмұд үндістандық әлем чемпионы Сачин Сахинді тізе бүктірді. Бойы ұзын спортшы Махмұдқа біраз қиындық тудырып, қабағын жарып алды. Дәл осы жаракат көпшілікті алаңдатып қойды. Себебі мұндай жаракаттан кездесуді тоқтатуы немесе дәрігерлер келесі жекпе-жекке шығуға рұқсат бермеуі мүмкін еді. Дегенмен құрама сапындағы дәрігерлердің еселеі еңбегі мен Махмұдтың шеберлігі нәтижесінде ол Гана, Куба боксшыларын жеңіп, финалдық кезеңге жолдама алды.

Осылайша бағы мен бабы арқасында Махмұд Сабырхан финалдық кезеңге оңай жетті. Дегенмен қазақ спортшысы үшін сынақ мұнымен аяқталған жоқ. Финалдық жекпе-жекте оны жарыс қожайыны, өзбек боксшысы Ойбек Джураев күтіп тұрды. Әлем чемпионатындағы 14 күн өзбекстандықтар есінен жөну қиын екенін бірнеше әділетсіз шешім арқылы көрсетіп берген болатын. Мұны Махмұд та білді. Сондықтан финалда бір сәтке де тұралап қалмай, бар шеберлігін көрсетті. Алаң иесіне ешқандай мүмкіндік қалдырмаған Махмұд өзбек спортшысын нокаутқа жіберіп те үлгерді. Осылайша, Махмұд айтты, Махмұд уәдесін орындады, Махмұд Сабырхан әлем чемпионы болды.

48 КЕЛІ ДЕ «ҚАЗАҚТЫҢ» САЛМАҒЫ

Бокстағы ең жеңіл 48 келіге дейінгі салмақ та қазіргі кезде «қазақтың» салмағына айналдып бара жатқандай. Бұл салмақта Алматыда өткен 2013 жылғы әлем чемпионатында Біржан Жақыпов алтын медаль иеленген еді.

Кейін осы салмақта қазақстандық Теміртас Жүсіпов 2013 жылы Странджада, 2018 жылы Халықаралық «ҚР Президенті кубогында», 2021 жылы Белградта әлем чемпионы атанған болатын.

Теміртас 2013 және 2019 жылдардағы Азия чемпионатының алтын медаль иегері атанды. Көпшілік Ташкентке бұл салмақта кімнің өнер көрсететінін білуге асықты. Себебі әлем чемпионы атағының иегері, қазақстандық Теміртас Жүсіповтің артынан еріп келе жатқан жас шебер Санжар Ташкенбай бар еді. 2003 жылғы қазақ боксшысы бұған дейін 2021 жылы Польшада жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы және БАӘ-де Азия чемпионы атағын иемденді. 18 жасқа толған соң Санжар алғаш рет ересектер арасында сынға түсіп, Аммандағы Азия чемпионатында алтын медаль жеңіп алды. Осылайша, құрамадағы жеңіл салмақтағы екі спортшы да шебер атанды. Бірі әлем чемпионы атағын қорғағысы келсе, екіншісі әлем чемпионы атағынсыз келді. Нәтижесінде бокстан ұлттық құраманың жаттықтырушысы Мырзағали Айтжанов жас спортшыға мүмкіндік берді. Осы тұста Мырзағали



Құлаңқы өзінің шеберлігін тағы да дәлелдеді. Себебі Қазақстан құрамасының қоржынына 2023 жылғы әлем чемпионатында алғашқы алтынды дәл осы Санжар Ташкенбай салды.

Санжар Ташкенбай алғашқы күннен-ақ Ташкенттегі әлем чемпионатының жұлдызына айналды. Бокстағы «Эль-Классико» саналып кеткен Қазақстан-Өзбекстан дербиінің алғашқы жекпе жегі Санжар мен Шодиржон

Меликузиев арасында өтті және бұл жекпе-жек Қазақстанның пайдасына жазылды.

Әлем чемпионатының 1/8 финалында кездескен қазақ-өзбек арасындағы текетіресте Санжар Ташкенбай қарсыласын нокаутқа да жіберіп үлгерді. Ең жеңіл салмақта өнер көрсететін жас спортшы бұл жеңіспен шектеліп қалған жоқ. 1/4 финалда 19 жастағы қазақ спортшысы жапониялық Казума Аратакени де нокаутқа жіберіп, үш раунд есебі бойынша таза жеңіске жетті. Чемпионатта өзіне жүлдесі келіп еткен Санжар жартылай финалда ресейлік Эдмонд Худоянды тізе бүктірсе, финалдық жекпе-жекте Грузия боксшысынан басым түсті. Осылайша Санжар Ташкенбай әлем чемпионы болды және құрамаға 2023 жылғы әлем чемпионатында алғашқы алтын медальді сыйлады. Санжардың ізімен қоржынға тағы үш алтын мен бір күміс медаль түсті.



АЛТЫНМЕН АПТАП, КҮМІСПЕН ҚАПТАП...

Бұл әлем чемпионатында Қазақстан ұлттық құрамасы өзге елдегі біріншіліктердегі рекордын жаңартты. Финалдық кезеңге 5 спортшы жолдама алып, оның 80 пайызы алтын алды. Үшінші орынға үміт артап қанат қаққан спортшылары тек қана біктей көрінуді басты мақсат етті және сол мақсатына жетті де.

Ташкент төрінде Қазақстанның әнұраны төрт рет шырақталы. Ұйымдастырушылар тарапынан қателік орнап, әнұранымыз соңына дейін қойылмады. Бірақ қазақстандық жанкүйерлер бұл қателікті де өз пайдасына пайдаланды. Хумо аренаға көптеп жиналған қазақстандықтар әнұранды жаңды дауыста шырақ, қазақ елінің және қазақ спортшыларының мерейін үстем етті.

Аяқтас сының алғашқы күнінде Санжардан кейін көпшілікке жаңадан таныс болған Дулат Бекбауов қолғап түйістірді. Чемпионатты ұйымдастырушы Өзбекстан сынға қосқан Асадулжа Муйидиновқа жеңіл финалда Дулатан басым түсті. Дегенмен ұлттық құрама сапына жақында ғана қосылған Дулат үшін бұл жұлде де маңызды еді. 67 келіге дейінгі салмақта сынға түскен жана жұлдыз Дулат Бекбауов чемпионатта финалға дейін Румыния, Үндістан, Мексика, Грузия спортшысынан басым түсті.

Жарыстың финалдық кезеңінің екінші күнінде Махмұд Сабырхан әлемді мойындатса, құрама капитаны Асланбек Шымбергенов арманын орындады.

2013 жылы 19 жасында алғаш ел біріншілігінде төбе көрсеткен Асланбек Шымбергенов ұлттық құраманың спортшысы Абылайхан Жүсіповтің шын қарсыласына айналды. Бірнеше рет ҚР чемпионы атанған Асланбек Шымбергенов

2018 жылы Венгрияда «кіші әлем чемпионаты» Иштван Бочкаи атындағы халықаралық турнирде жеңімпаз атанды. ҚР Президенті кубогында Абылайхан Жүсіповті ұтып, Азия чемпионатына жолдама алды. Кейін 2018 жылғы Индонезиядағы азия чемпионатында күміс медальді ұтты.

2021 жылы Белградтағы байрақты бәсекеле Асланбек біраз боксшыны жайратты. Әлем чемпионатында ол ирандық, өзбекстандық боксшыларды жарыстан шығарып, 1/8 финалда германиялық Морди Аташгақты техникалық нокаутпен жеңді.

P.S. Бұл әлем біріншілігін біз де бірінші күннен бастап қызығушылықпен тамашаладық. Жарқын сәттер, түрлі эмоция сыйлаған бұл чемпионатта шын жүректен қазақ спортшыларына қолдау білдіріп, сенім арттық. Ел мерейін үстем етіп, көк туымызды көкте қалықтатқан қазақтын былғары қолғап шеберлеріне айтар алғысымыз зор!

ЖӘНІБЕКТІҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

Жексенбінің танында кәсіпқой бокста шашасына шаң жұқтырмай келе жатқан Жәнібек Әлімханұлы кезекті жеңісіне қол жеткізді. АҚШ-тың Калифорния штаты Стоктон қаласында өткен бокс кешінде өнер көрсеткен «Qazaq Style» канадалық Стивен Батлермен кездесті.

Он екі раундқа есептелген жекпе-жекте «WBO» нұсқасы бойынша орта салмақта Жәнібекке тиесілі чемпиондық белдік сарапқа салынды. Чемпиондық белдігін екінші рет қорғаған қазақстандық былғары қолғап шебері қарсыласын екі рет нокаутқа жіберді. Алғашқы раундтардан-ақ басымдыққа ие болған Жәнібек нокаут тіркеп, кәсіпқой бокста он төртінші жекпе-жегінде WBO чемпиондық белдігін қорғап қалды. Ал Стивен Батлер төртінші жеңілісіне ұшырады.

Жәнібек Әлімханұлы соңғы жекпе-жегі 2022 жылдың қараша айында өткізіп, британдық спортшы Дензел Бентлимен қолғап түйістірген еді. Ол кездесуде төрешілердің бірауыздан қабылдаған шешімімен «Qazaq Style» жеңіске жетті.



АЙБЕК – «СЫР БАРЫСЫ»

«Евразия» спорт кешенінде қазақ күресінен өткен «Алтын белбеу» облыстық аяқтас жарысының жеңімпазы қармақшылық Айбек Серікбаев болды.

Жарыста Айбек Серікбаев беліне алтын белбеу тағып, «Сыр барысы» атанды. Сондай-ақ Қармақшыдан келген Еламан Ергалиев ІІ орын иеленіп, «Сыр арланы» атанды. Ал жұлдегі ІІІ орынды ІІІ келіде қызылордалық Нұрым Сәлімгереев иеленіп, «Сыр сұңқары» атағын иемденді.

Жалпы «Түйе палуандар» сайысының жұлде қоры І орынға І миллион теңге, ІІ орынға 700 мың теңге және ІІІ орынға 400 мың теңге болып белгіленген.

Айта кетейік, дәстүрлі түрде жыл сайын шілде айында елорда төрінде өтетін республикалық «Қазақстан барысы» турниріне биыл облыстан Айбек Серікбаев пен Еламан Ергалиев барып, Сыр өңірінің намысын қорғайды. Сонымен қатар 2022 жылғы «Қазақстан барысы» Мақсат Исағабалов та ол турнирде өз титулын қорғап, бағын сынаптыр болады.



СЫР ЖУРНАЛИСТЕРІ ЖЕҢІМПАЗ

Жақында Алматы қаласында журналист, белгілі спорт комментаторы Амангелді Сейітхановты еске алуға арналған футболдан республикалық турнир ұйымдастырылды.

Футбол сайысына Сыр өңірінің БАҚ өкілдері де қатысты. Биылғы долада қызылордалық «Ақмешіт-Қызылорда» командасы топ жарып, бас жүлдені қанжыға байлады.

Айта кетерлік жайт, турнирде жанакорғандық журналист Әлібек Жарықбаев «Үздік қақпашы» атанса, «Qazaqstan» Ұлттық телерахнасының Қызылорда облысындағы тілшісі Әділбек Жақан «Үздік ойыншы» атағын жеңіп алды.



Бетті дайындаған Аслан НҰРАЗҒАЛИП Суреттер ашық дереккөзден алынды